

БАЛАНЫҢ КҮН РЕЖИМІ



Күн режимі бойынша ата-аналарға кеңес берілді. Кеңес барысында баланың денсаулығын нығайту, дұрыс тамақтану, жеткілікті ұйқы, ойын мен оқу әрекеттерін тиімді ұйымдастырудың маңызы түсіндірілді. Ата-аналарға балабақшадағы күн тәртібін үй жағдайында да сақтаудың бала дамуына оң әсер ететіні айтылды.

Кездесу барысында ата-аналар өз сұрақтарын қойып, пайдалы ұсыныстар алды. Жалпы, ата-аналар кеңеске белсенді қатысып, баланың дұрыс күн тәртібін қалыптастырудың маңызын түсінді.

